

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 шілдедегі N 761 қаулысы

Ақмола облысы Атбасар қаласының жылумен қамтамасыз етілу жағдайын тұрақтандыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасының Үкіметінің резервінен қазандық шаруашылығын жөндеу және қысқы жағдайларда Атбасар қаласының жылыту жүйелерінің қатып қалуын болдырмау үшін Ақмола облысының әкіміне 35000000 (отыз бес миллион) теңге б ө л і н с і н .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Ақмола облысының әкімі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне 2004 жылғы орындалған жұмыстардың көлемдері мен құны туралы е с е п б е р с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*